

Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 180 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 мамырда № 5596 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 3 мамырдағы № 248 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 03.05.2016 № 248 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес, Қостанай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережесін бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

T. Исабаев

Әкімдіктің
2015 жылғы 15 сәуірдегі
№ 180 қаулысымен бекітілген

Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер
 1. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі жер қатынастарын реттеу саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
 2. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.
 3. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік

мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111100, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Затобол кенті, Терешковой көшесі, 13/1.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін каржыландыру жергілікті бюджетінен жүзеге асырылады.

13. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады

Егер Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындағы қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы,
негізгі міндеттері, функциялары,
құқықтары мен міндеттері

14. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Қостанай ауданы шегінде жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша жергілікті мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асырады.

15. Міндеттері:

1) жер учаскесіне меншік құқығы мен жер пайдалану құқығы туындауының, езгертуі мен тоқтатылуының негіздерін, шарттары мен шектерін, жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру тәртібін белгілеу;

2) жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды, топырақ құнарлылығын ұдайы қалпына келтіріп отыруды, табиғи ортаны сақтау мен жақсартуды қамтамасыз ету мақсатында жер қатынастарын реттеу;

3) шаруашылық жүргізудің барлық нысандарын тең құқықпен дамыту үшін жағдайлар жасау;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

16. Функциялары:

1) жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрық (бағалау) құнын бекіту;

3) жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау;

4) жерге орналастыруды жүргізуі ұйымдастыру және жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту;

5) жерді аймақтарға бөлу жобаларын, жерді ұтымды пайдалану жөніндегі жобалары мен схемаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

6) жер сауда-саттығын (конкурстар, аукциондар) жүргізуі ұйымдастыру;

7) жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін қозғайтын аудандық маңызы бар жобалар мен схемаларға сараптама жүргізу;

8) жер учаскесін сатып алу-сату шарттары мен жалдау және жерді уақытша өтеусіз пайдалану шарттарын жасасу және жасалған шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

9) ауданның жергілікті атқарушы органдының іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беруі жөнінде ұсыныстар дайындау;

10) пайдаланылмай жатқан және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жерді анықтау;

11) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару жөнінде ұсыныстар дайындау;

- 12) жер қатынастары бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру;
- 13) мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру және көрсету;
- 14) ауданның жергілікті атқарушы органының жер участеклерін беру және олардың нысаналы мақсатын өзгерту жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан, басқа да ұйымдардан қажетті ақпараттар, құжаттар және өзге де материалдар сұрату және алу;
- 2) оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша сотта талапкер және жауапкер болуға құқығы бар;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның

қызметін ұйымдастыру

18. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшылықты Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

19. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қостанай ауданының әкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

барлық ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мұдделерін білдіреді және мемлекеттік мекеменің атынан сенімхатсыз іс-әрекет етеді;

қаржылық құжаттарда бірінші қол қою құқығы бар, шарттар жасасады, сенімхаттар береді;

қызметкерлер арасында лауазымдық міндеттерін және олардың жауапкершілік дәрежесін бөледі және бекітеді, бюджеттік қаражаттарды нысаналы пайдалануды қамтамасыз етеді, мекеменің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін көтерудің өзге де түрлері жөніндегі тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады, қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза

қолданады;

зандарда белгіленген жағдайларда және шектерде мұлікке билік етеді;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттікті жүзеге асырады.

Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органның мұлкі

21. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мұлкі болу мүмкін.

Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мұлкі оған меншік иесі берген мұлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мұлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мұлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта

ұйымдастыру және тарату

24. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.